

4 INTERNATIONAL AND COMPARATIVE LAW ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚ МЕЖДУНАРОДНОЕ И СРАВНИТЕЛЬНОЕ ПРАВО

FTAMP 10.77
ЭОЖ 340.6
JEL K14

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-1-215-224>

АПЕНОВ С.М.,¹

з.ғ.к., доцент.

e-mail: apienov68@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-1132-5022

НЫСАНБЕКОВА Л.Б.,*¹

PhD, доценттің м.а.

*e-mail: lazzat_nb9@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1547-6816

ЖАЙЛАУ Ж.,²

з.ғ.к., доцент.

e-mail: zhan1831@bk.ru

ORCID ID: 0000-0001-5326-6302

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТЕНДІРУ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын реформалаудың теориялық негіздері мен оның халықаралық-құқықтық стандарттарға сәйкестігі жан-жақты зерттеледі. Авторлар құқықтық реформалардың алғышарттары ретінде елдің саяси-экономикалық жағдайының өзгеруін, әлеуметтік қатынастардың жаңаруын, құқық ғылымының жетістіктерін енгізу қажеттілігін, халықаралық конвенциялар мен келісімдерге бейімделуді және шетелдік құқықтық тәжірибені қолдануды негіздейді. Сонымен қатар, заңдарды жетілдіру мен түбегейлі реформалау арасындағы айырмашылықтар ашылып, заңнамалық өзгерістердің тиімділігіне талдау жасалады. Авторлар отандық қылмыстық заңнаманың халықаралық стандарттарға сәйкестену деңгейін бағалап, реформалардың қоғам өміріндегі рөлі мен практикалық маңызын айқындайды. Зерттеуде тарихи, салыстырмалы-құқықтық және жүйелік талдау әдістері қолданылған. Мақалада Қазақстанның қылмыстық заң жүйесінде орын алған институционалдық және мазмұндық өзгерістердің себептері мен салдары сараланып, ұлттық құқықты халықаралық құқықпен үйлестірудің тиімді жолдары ұсынылады.

Тірек сөздер: реформалау, қылмыстық заң, жаза, құқықты жетілдіру, шетел заңдары, халықаралық-құқықтық стандарттар.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған сәттен бастап, құқықтық өзгерістер, оның ішінде қылмыстық-құқықтық бағыттағы заңнамаларды жетілдіру және оларды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үдерісі әлі де жалғасуда. Құқықтық реформаларды жүзеге асырудың алғышарттарын құқықтық заңдылықтың дамуымен байланысты табиғи құбылыс ретінде қарастыру қажет. Бұл ретте реформалардың кезеңдерін айқындап, олардың әрқайсысындағы кемшіліктерді нақтылау және қол жеткізілген нәтижелерге баға беру маңызды. Бұл өз кезегінде реформалардың мақсаттарына қаншалықты жеткенін анықтауға мүмкіндік береді.

Мақаланың тақырыбында көрсетілгендей, Қазақстанда құқықтық реформаларды кезеңдерге бөлу қажеттілігі екі негізгі факторға байланысты туындайды: біріншіден, бұрынғы реформаларда орын алған кемшіліктер; екіншіден, қоғам дамуының жаңа кезеңіне сай құқықтық институттарды жаңаша қалыптастыру қажеттілігі. Қазақстандық зерттеушілер құқықтық реформалардың себептері мен кезеңдері туралы жазғанымен, олардың тиімділігі мен кемшіліктері, әсіресе қылмыстық-құқықтық заңнама аясында жан-жақты қарастырылмаған.

Осыған байланысты әр кезеңде қабылданған қылмыстық-құқықтық заңдарға жүргізілген реформаларға ғылыми тұрғыдан баға беру қажет. 2014 ж. қайта қабылданған Қылмыстық, Қылмыстық-процессуалдық және Қылмыстық-атқару кодекстері түбегейлі өзгертілгенімен, оларда да бірқатар олқылықтар болғаны байқалады. Бұл жағдай қазіргі таңда қылмыстық-құқықтық заңнаманы жетілдіру мәселесінің тек құқық теориясында ғана емес, құқық қолдану практикасы үшін де өзекті екендігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Құқық әр салалы қоғамдық қатынастарды, мемлекеттік қызметті реттеумен, ал қылмыстық, әкімшілік құқық сияқты салалары қоғамдық қатынастарды қорғаумен айналысатындықтан заңгерлерде өз салаларына қатысты заңдарды өзгерту, оны қайта қарау, жетілдіре түсу мәселелерін қарастырған. Соған байланысты елде конституциялық реформаларды жүргізуге қатысты М.Т. Баймахановтың [1], Қ.К. Айтхожиннің [2] сот жүйесін реформалау туралы Г.Ж. Сүлейменованың [3], Қ. Мәминнің [4], қылмыстық заңды жетілдіру мәселелері туралы Ү.С. Жекебаевтың зерттеулері жүргізілген [5]. Бұл зерттеушілер өз салалары бойынша құқықтық реформаларға әр түрлі баға береді, мысалы Г.Ж. Сүлейменова «құқықтық реформаларды тоқтаусыз жүргізу арқылы құқықтың маңызды салаларында елеулі табыстарға қол жеткізілді және сот жүйесі құқықтық мемлекет талаптарына сай келеді» деп баға берсе [3], Ү.С. Жекебаев елдің тәуелсіздік алған алғашқы кездерінде жүргізілген реформалар айтарлықтай табысты бола алмады және оның объективті себептері де болды деп бағалайды [5]. Сонымен қатар заңды реформалау барысында өзгедей факторлар болуы мүмкін. Солардың бірі құқықты халықтың санасымен үйлестіру немесе байланыстыру болып саналады. Осы жағдай туралы академик М.Т. Баймаханов «Халықтың жеке мүдделерінің заңның мақсаттарымен сәйкес болуы, заңның бағыттарымен адамдардың да сондай бағыттарда қызметтер жасай отырып, олардың бергі мақсаттармен шектелмей барлық мақсаттарға жетуге тырысатындығына жағдай жасайды. Адамдардың бұл тырысушылығы құқықтан қолдау табуы керек, өйткені құқық осындай жағдайда адамдардың құқықты сыйлайтын жоғары деңгейдегі жүріс-тұрысымен сәйкестендіріледі» деген пікір келтіреді [1; 141].

Осындай бағалауларға қарай отырып бұл мақалада тарихи-құқықтық, салыстырмалы және жүйелі талдау әдістерін қолдану қажеттілігі туындайды.

Нәтижелер және талқылау

Бұл мәселеге толығырақ тоқталмас бұрын алдымен «құқықтық реформа дегеніміз не» деген сұраққа жауап бере кету керек болады. Себебі құқық дамуында қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жиі қолданылады. Заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқықтық реформаның құрамына жата ма деген сұрақ та туындайды. Құқықтық реформаларға қатысты жүрізілген еңбектерден құқықтық реформаға қатысты арнайы түсініктерді

кездестіру қиын. Тек әлеуметтік желідегі келесідей жалпы түсінікті кездестіруге болады: «Құқықтық реформа – бұл қолданыстағы заңдарды білу, сонымен бірге заңның әділеттілігін және тиімділігін арттыру мақсатында құқықтық жүйеге өзгерістер қолдану және жүргізу» [6]. Құқықтық реформалар әсіресе қоғам өз дамуының бағытын өзгерткенде немесе жаңадан әлеуметтік-экономикалық, саяси институттар пайда болғанда, яғни қоғамның даму деңгейіне қарай жүргізіледі. Сондықтан қылмыстық-құқықтық бағыттағы реформалар барлық кезде алдыңғы жүргізілген реформалардың сапасыздығына байланысты бола бермейді. Алдыңғы реформалардың сапасыздығына қатысты емес жағдайда қылмыстық-құқықтық бағыттағы заңдарды реформалаудың (қайта қараудың) негіздері төмендегідей бола алады, олар:

- ◆ қоғамның, мемлекеттің саяси даму формациясының өзгеруіне байланысты заңды түпкілікті қайта қарау;

- ◆ әлеуметтік-саяси және қоғамдық санадағы өзгерістерге байланысты бұрын қылмысты болып саналған іс-әрекеттерді қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарынан алып тастау. Мысалы, 1997 жылғы ҚР ҚК көп әйел алушылық, бір жыныстағы адамдарды жыныстық әрекеттерін қылмыстардың қатарынан алып тастау себебі, ол адамдардың құқықтары мен бостандықтарының кеңеюіне байланысты деп түсінуге болады;

- ◆ қоғамның даму деңгейіне немесе ғылым мен техниканың дамуына байланысты жаңадан құқықпен реттелуге және қорғалуға жататын қоғамдық қатынастардың пайда болуы. Мысалы медицина, экономика, ақпарат және байланыс саласында көптеген қылмысты іс-әрекеттер пайда болды;

- ◆ халықаралық ұйымдардың кей трансұлттық немесе халықаралық сипаттағы қылмыстар бойынша қабылдаған конвенцияларын мойындап, отандық заңдарды сәйкестікке келтіру. Мысалы азаптау, адам саудасы, экоцид, геноцид, терроризмді қаржыландыру сияқты қылмыстар бойынша БҰҰ конвенциялары бар. Мұндай әрекеттерді отандық заңға қылмыс ретінде енгізу, қазіргі қылмыстық кодекстің алдындағы 1997 ж. қабылданған ҚР қылмыстық заңның өмір сүру кезінде заңға толықтырулар енгізу түрінде басымырақ қолданылды;

- ◆ қылмыстық-құқықтық ғылымдардың теориялық тұрғыдан негізделген, сапалы ұсыныстарын заңға енгізу.

Құқықтық реформа жүргізу барысында жоғарыда аталған негіздердің барлығы да ескеріліп, олардың жиынтығы түрінде қайта қаралады. Ал заңдарды қайта қарау кезінде ескерілмей қалған немесе сапасыздық танытқан ережелер кейіннен заңға өзгерістер мен толықтырулар түрінде енгізіледі. Бұл жағдай Қазақстанда да, шет мемлекеттердің де заң практикасында үйреншікті, қалыптасқан жайт болып саналады. Алайда заңның мазмұнына Қазақстандағыдай әлсін-әлсін өзгерістер енгізе беру құқық теориясында айтылатын заңның тұрақтылығына кері әсерін тигізеді. Егер заңның теориялық және практикалық талаптарға сай келмейтін сапасыз ережелері кездесе, онда әрине оларды түзету қажет болады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде құқықтық реформа – бұл қолданыстағы заңдарды қайта қарау негіздері пайда болғанда немесе бұрын арнайы заң болмағандықтан реттелмеген қатынастарды құқық арқылы реттеу қажет болғанда және оларды өзектілігіне байланысты кейінге қалдыруға жатпағанда заң шығарушы орган арқылы нормативтік-құқықтық актілерді түпкілікті қайта қарау және қабылдау болып табылады деген түсінік ұсынамыз.

«Қылмыстық-құқықтық бағыттағы заңдарды реформалау» мен «заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып жетілдіру» ұғымдарының айырмашылығы, ол реформа жүргізуде заңды түпкілікті қайта қарау негіздері кешенді түрде қолданылса, ал заңдарға өзгерістер енгізе отырып жетілдіру – бұл заңда кемшіліктің анықталуына байланысты тиісті кезеңдерімен жүргізіледі. Бұл кемшіліктер заңның теориялық және практикалық талаптарға сай еместігіне және халықаралық-құқықтық актілердің қабылдануына қарай анықталады. Түптеп келгенде құқықтық реформада, заңға өзгерістер енгізу арқылы жетілдіру де заңның тиімділігін көтеруге бағытталған.

Ал Қазақстанда осы күнге дейін жүргізілген қылмыстық-құқықтық бағыттағы реформалардың барысына назар аударсақ, оны жүргізудің себептері немесе алғышарттары бірнешеу болып табылады.

Біріншісі, елдің саяси-экономикалық жағдайы болып саналады. Бұл алғышарт тәуелсіздік алған жылдары өзектілік байқатып, социалистік қоғам идеологиясына негізделген заңдарды

өзгертіп, сол кездерде адам құқығы мен бостандықтарын кеңейту идеясына негізделді. Тәуелсіздік алған жылдары социалистік жоспарлы экономикадан да бас тату орын алғандықтан, экономиканы әр тараптандыру, яғни банкі жүйесін кеңейтіп, банкі операцияларын көбейту, кәсіпкерлік қызметті дамыту, бағалы қағаздар рыногын қалыптастыру, кей тауарларды акциздік маркамен шығару қажет болды. Мұнымен қатар құқық қорғау органдары, өзгедей мемлекеттік органдар ашықтық, жариялылық, демократиялық идеялары негізінде қызмет атқаруы заң жүзінде белгіленді. Демократизм қағидасы адамның саяси құқықтарының кеңеюін білдіреді және сайлауға немесе сайлануға қатысу, шеру, демонстрация өткізу сияқты сөз бостандығы, көп партиялық түрінде көрініс береді. Аталған құқықтарды азаматтарға бергендіктен, мұндай қылмыстық-құқықтық қорғау объектілерге қарсы іс-әрекеттер жасау да қылмысты болып саналуы керек.

Құқықтық реформаларды жүргізудің екінші алғышарты, ол қоғамның дамуына байланысты заңдарды да жетілдіру, заңдардың қоғамның шын келбетінен қалып қоймауын қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан құқық үнемі жетілдіріп отыруды қажет етеді деуге болады. Бұл мәселеде қоғам бірінші кезекте дами ма, әлде құқық бірінші ма деген сұрақ туындайды. Біздің пікірімізше қоғамдағы саяси өзгерістер бойынша құқық бірінші кезекте тұрады, яғни алдымен заң қабылданады (мысалы 1993 және 1995 жылдардағы ҚР Конституцияларының қабылдануы), сонан кейін сол заңдарда көрсетілген қоғамдық-саяси институттар пайда бола бастайды. Ал экономикалық, әлеуметтік бағыттағы даму бойынша құқық екінші кезекте болуы керек, яғни алдымен қандай да бір әлеуметтік, экономикалық бағыттардағы және құқықпен реттелуге жататын осы елде пайда болған немесе шет елдерден енген жаңа құбылыстар пайда болуы мүмкін. Мысалы ұялы телефонның, компьютердің пайда болуына және олардың функцияларының көбеюіне және бұл салада да қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің кездесетіндігіне байланысты 2014 жылғы ҚР ҚК «Ақпарат және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деген жаңа тарау енгізілді.

Құқықтық реформаларды жүргізудің келесі үшінші себебі, ол отандық заңдарды халықаралық стандартты құжаттарға сәйкестендіру болып табылады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін бірнеше халықаралық ұйымдарға мүше ретінде енгендіктен ел заңын халықаралық стандарттаға сәйкестендіруі қажет болды. Себебі «халықаралық-құқықтық стандарттар» деген ұғым мағынасы бойынша БҰҰ, Еуропалық Кеңес, ТМД сияқты халықаралық ұйымдардың, сонымен қатар заңгерлердің халықаралық немесе аймақтық ассоциацияларының сот, адвокаттық, қылмыстық қудалау қызметтері бойынша заңгерлердің кәсіби және этикалық нормалары мен қағидаларын анықтайтын құжаттардан құрала отырып, жекелеген мемлекеттер үшін заңның прогрессивті даму деңгейін білдіреді. Бұл мәселе, әсіресе қылмыстық-құқықтық бағыттағы заңдардың және сот, құқық қорғау органдарының алдағы даму бағыттарын белгілейтін арнайы бір құрамдас бөлігі болып саналады.

Адам құқықтарына және сот-тергеу органдарының қызметтеріне қатысты халықаралық стандарттар негізінен қылмыстық процессуалдық құқыққа қатысты болып келеді. 1997 және 2014 жж. қабылданған ҚР ҚПК жаңаша ережелердің дені күдікті адамның құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, сот тәуелсіздігіне, қылмыстық қудалауды жүргізетін органдар қызметкерлеріне қатысты халықаралық актілерден алынған, яғни отандық заңдарды халықаралық-құқықтық стандарттаға сәйкестендіру анық байқалады.

БҰҰ-мен қылмыстық әділет органдарының қызметтеріне және олардың лауазымды адамдардың жүріс-тұрысына қатысты келесідей құжаттар қабылданған және олар осы саладағы халықаралық стандарттарды белгілейді:

1979 жылғы «Лауазымды адамдардың құқықтық тәртіпті қолдау бойынша жүріс-тұрыс Кодексі»; 1985 жылғы «Билікті теріс пайдалану және қылмыстар құрбандары үшін әділсоттың негізгі қағидалары бойынша Декларация»; 1985 жылғы Қылмыстылықтың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс істеу бойынша БҰҰ жетінші Конгресінде қабылданған «Сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидалары»; 1988 жылғы «Қандай да бір формада болмасын ұсталған және қамауға алынған барлық адамдарды қорғау қағидаларының Жинағы»; 1990 жылғы «Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алуға қатысты БҰҰ Жетекші қағидалары» (Эр-Рияд жетекші қағидалары); 2000 жылғы «Ар-намысты қорлайтын, азаптайтын және басқа да қатігездікті, адамгершілікке жатпайтын қатынас түрлерін және жазаларды құжат-

тау және тиімді тергеу Қағидалары»; 2002 жылғы 26 қарашада Гаагада қабылданған «Судьялардың жүріс-тұрысының Банголор қағидалары»; 1985 жылғы «Сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидалары»; 1990 жылғы «Құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды адамдардың күш және атылатын қаруларды қолдануының негізгі қағидалары»; 1990 жылғы «Сот қудалауын іске асыратын адамдардың роліне қатысты Жетекші қағидалар».

Сонымен, қылмыстық-құқықтық бағыттағы (БҰҰ-ның қылмыстар бойынша қабылдаған конвенциялары) бойынша қабылдаған халықаралық-құқықтық стандарттарға жататын актілерінің мағынасы, ол мемлекеттердің заң шығарушылық қызметіне барлық жағдайда міндетті болмағанмен, бұл актілердің халықарылық деңгейді, стандартты білдіретіндігінде, яғни мемлекеттер өркениетті елдің заңын қалыптастырғысы келсе, үлгі ретінде қолдануға болатындығында, ал осы бағыттағы актілерді сақтамаса, онда отандық заңдары, сот және басқа да органдарының қызметтері, адам құқықтарын сақтау деңгейі халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді деп баға берілетіндігінде. Осы себептен мемлекеттер халықаралық-құқықтық стандарттарды сақтауға тырысады, алайда толық көлемде сақтауға міндеттенбейді. Әділсотты қолдану және жаза атқарумен байланысты халықаралық стандарттар негізінен ұсыныстық сипаттаға актілерге жатады. Кейбір зерттеушілердің пікірінше қарастырып отырған саладағы халықаралық стандарттар ретінде адамның және азаматтардың құқықтарын қорғау қағидаларын анықтайтын және дамытатын халықаралық-құқықтық міндеттемелер танылады. Осы міндеттемелер негізінде мемлекеттер азаматтарға белгілі бір құқықтарды беріп, олардың сақталу кепілдіктерін анықтайды. Стандарттар жалпыға танымал құқықтардың, бостандықтардың көлемін анықтайды және құқықты іске асырудың төменгі стандартты деңгейін көрсетеді [7; 58], [8; 27]. Көріп отырғанымыздай, бұл зерттеушілердің шешімімен біздің бағытымыз мағынасы бойынша сәйкес келеді.

Сот-тергеу органдарының қызметтерін жетілдіруде біршама жетістіктер байқалғанмен, қылмыстық процессуалдық заңда әліде халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді талап ететін ережелер кездеседі. Солардың бірі қорғаушымен (адвокатпен) күдіктінің, сотталушының арасындағы қатынас болып табылады. Қорғаушымен күдіктінің процессуалдық бағыттары бірдей, яғни қорғану тарабы болғанмен, олардың араларында мүдделер қақтығысы орын алатын кездер болады. Ондай мүдделер қақтығысы клиенттің өз құпияларын сақтауына, күдіктінің жалған жауап беруіне байланысты туындайды. Қорғаушы осындай мүдделер қақтығысы туындағанда халықаралық-құқықтық стандарттарға сәйкес мынандай ұстанымдарды басшылыққа алуға тиіс болады: Біріншісі, мүдделер қақтығысын заңгерлік этикаға байланысты шешу және екіншісі, қорғаушы ретіндегі процессуалдық бағытына сәйкес шешу.

Қолданыстағы ҚР ҚПК қорғаушымен күдіктінің, сотталушының араларындағы мүдделер қақтығысын тікелей атамағанмен, оның орын алуы мүмкін екендігін төмендегідей баптар бойынша жоққа шығармайды. Апелляциялық тәртіпте сот шешімдерін қайта қарау сатысына қатысты ҚР ҚПК 423 бабының 5 бөліміне сәйкес «Сотталған адам өзінің қорғаушысы, заңды өкілі берген шағымды кері қайтарып алуға құқылы, көрсетілген адамдардың шағымдарын оның кері қайтарып алуы сот үшін міндетті болып табылады». Сонымен қатар кассациялық сатыға қатысты ҚПК 488 бабының 6 бөлімі бойынша «Кассациялық шағымды, наразылықты берген адам іс кассациялық сатыда қаралғанға дейін оларды кері қайтарып алуы мүмкін. Сотталған адам өзінің мүддесінде өз қорғаушысы немесе заңды өкілі берген кассациялық шағымды кері қайтарып алуға құқылы». Бұл жерде процессуалдық бағыттары бірдей бола тұрып неліктен сотталушы өзінің пайдасына берілген қорғаушының шағымын қайтарып алуы мүмкін деген сұрақ туындайды. Қылмыстық процессуалдық құқық бойынша қорғаушы өзінің клиентінің мүддесіне қайшы келетін, яғни оның кінәсін дәлелдейтін нақтылы деректерді жинауға, оның жағдайын ауырлататын қандай да бір әрекеттерді жасауға өкілетті емес.

Осы қарастырылып отырған мәселе бойынша заңгерлердің халықаралық ассоциацияларында қабылданған актілеріне назар салып көрейік. Мысалы, 2000 ж. 25 қазанда Еуропа Кеңесі министрлері комитетінің 727 мәжілісінде қабылданған «Адвокаттық кәсіпті іске асыру бостандығы туралы» Нұсқаулықтың III қағидасы (адвокаттардың ролі мен міндеттері). Бұл құжаттың в) пункті бойынша адвокаттар өз клиентінің мүдделерін сот алдында қорғау үшін іс қозғатуға құқылы [9]. Сонымен қатар 1990 ж. Нью-Йоркте заңгерлердің халықаралық ассоциациясында қабылданған «Заңгер мамандығы тәуелсіздігінің стандарттары» деген актіні

келтіруге болады. Бұл құжаттың 4-бөлімі бойынша «Белгіленген ережелерді, стандарттар мен этикалық нормаларды басшылыққа ала отырып, адвокаттар міндеттерін орындау кезінде әрқашан еркін, адал және қорқынышсыз, клиенттің заңды мүдделеріне сәйкес және билік немесе жұртшылық тарапынан қандай да бір араласусыз немесе қысымсыз әрекет етулері тиіс» [10]. Осы ереже 1983 жылғы Американ заңгерлерінің ассоциациясында қабылданған «Кәсіби жүріс-тұрыстың үлгі ережелері» деп аталатын құжатта да келтірілген [11].

Ал отандық құқықтық актілердің ішінен бұл мәселеге 2014 ж. адвокаттар алқасы делегаттарының Республикалық конференциясында бекітілген «Адвокаттардың кәсіптік әдеби Кодексі» назар аударған. Бұл Кодекстің 3 тарауының 15 тармағы бойынша «Егер айыпталушы өз кінәсін мойындаса, бірақ оның мойындауы басқа дәлелдемелермен бекітілмесе, ал іс материалдары айыптаудың негізсіздігін растаса, адвокат қорғауындағы адамның жағдайын нашарлатпайтын ұстанымда тұруға құқылы» [12]. Көріп отырғанымыздай, бұл жерде ҚР ҚПК жоғарыда аталған баптарымен Адвокаттардың кәсіптік әдеби Кодексінің арасында айырмашылық бар екендігін байқауға болады. Сондықтан ҚПК 423 және 488 баптардың аталған ережелері адвокаттық этиканы, олардың процессуалдық бағытын сақтауына қайшылық білдіре ме деген де сұрақ туындайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, күдікті, сотталушы сот-тергеу алдында жалған жауаптар беруі мүмкін. Олардың өзін құтқару немесе керісінше жақын адамдарын, қылмысқа қатысушыларды құтқару үшін жалған жауаптар беретін кездері болады. Осындай жағдайды қорғаушы білген болса ол не істеуі керек деген сұрақ туындайды. Себебі адвокат сотталушыны қорғауға міндетті болғанмен, бірақ заңгер адам ретінде әділсот шешімі шығуына жағдай жасауы тиіс. Бұл туралы Уильям Х. Эриксон мынандай шешім келтіреді: «Адвокаттың клиенті алдындағы және сот алдындағы міндеттері арасындағы қайшылық, ол қорғауындағы адамның жалған жауап берген кездерінде туындайды. Мұндай кезде адвокат клиентіне жалған жауап бермеуді ұсына алғанмен, бірақ клиенттің жалған айғақ беруіне кедергі келтіре алмайды. Егер адвокат пен клиент маңызды мәселелер бойынша келісе алмаса, онда стандарттар бойынша адвокат клиентіне құпия жағдайда дұрыс кеңестер беруі тиіс» [13]. Әрине, мұндай жағдайларда адвокат жалған жауаптар бергені үшін жауаптылық жеңілдемей, керісінше қатаң белгіленетінін түсіндіре алады. Бір айта кететін жәйт, ол сотталушы жалған жауап беріп, ал адвокат шынайы дәлелдемелерге сүйенгенде, олардың мәліметтерінде елеулі айырмашылық болады және бұл жағдай қорғаушы үшін белгілі бір қиындықтар тудырады.

Осы тәріздес пікірді А.Б. Гафуровте келтірген. Ол «Адвокаттың өз міндетін адал атқаруы кейде құпиялылықты сақтау міндетінен жоғары болуы мүмкін. Адвокатта «әділсот қызметшісі» ретінде қоғам мен сот алдында өзінің клиентіне қатысты кей міндеттеріне қайшы келуі мүмкін міндеттері болады. Адвокаттың сот алдындағы міндетіне адалдық борышы кіреді. Егер адвокат клиентінің жалған жауап беретіндігін білсе, онда ол маңызды диалемма алдында тұрады. Заң адвокатқа сот алдына жалған дәлелдемелер келтіруге, сотты алдауға және бұл туралы клиентіне көмектесуге тиым салады. Осылайша адвокаттың клиентке қатысты міндеті сот алдында екінші дәрежеліге ие» дейді [14; 80]. Мұндай пікірлермен келісу керек, себебі мұндай жағдайда адвокат қорғануды білдіретін процессуалдық бағытты емес, заңгер адам ретіндегі адвокаттық этиканы басшылыққа алады.

Адвокатпен, клиенттің арасындағы мүдделер қақтығысы құпиялылықты сақтауға байланысты да туындайды. Күдіктінің, сотталушының кейбір құпиялары отбасылық, жыныстық өмірге қатысты болып жатады. Егер осы тәрізді сотталушы жариялауды құп көрмейтін мәліметтерді жасыру, дұрыс сот шешімінің шығуына кері әсер ететін болса, онда адвокат қандай шешім қабылдауы керек деген сұрақ туындайды. Мұндай жағдайды дұрыс шешу аса қиындық тудырмайды. Адвокат адамның ар-намысына келетін зиянның алдын алу үшін сот-тергеу органдарына істі жабық түрде қарауды ұсына алады. Осы себептенде кей дереккөздер заңды шешім шығу үшін қажеттілік болғанда адамның жеке құпиясына жататын мәліметтерді шектеуді ұсынады. Мұндай дереккөздер бойынша «құпия қатынастарға негізделген істер бойынша процестер әрбір нақты жағдайда жеке анықталуы керек» [15]. Біз кейбір жағдайларда айыпталушы мен адвокат арасындағы құпия ақпаратты шектеуге келісеміз. Бұл жерде құпия ақпаратты ашу мен жасыруды шектейтін өлшем ол соттың әділ шешім шығаруына және айыпталушының заңды мүдделеріне негізделуі тиіс.

Адвокатпен сотталушының арасындағы құпиялылық туралы айта отырып, мына нәрсеге назар аудару керек. Кейде сотталушы адвокатқа өзін айыптайтын дәлелдер туралы айтуы мүмкін. Мұндай жағдайда адвокат оларды жарияламауы тиіс. Бұл оның қорғану бойынша процессуалдық бағытына сай келмейді. Қылмысқа қатысты дәлелдемелерді табу, ол айыптау тарабының, тергеушінің, прокурордың процессуалдық бағытына жатады. Ал егер клиент жасалайын деп жатырған қылмыс туралы қорғаушысына айтса, онда ол бұл туралы тиісті органдарға хабарлауы тиіс. Мұндай жағдайда адвокат заңгер адам ретіндегі этиканы басшылыққа алған болып шығады.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандардың негізінде адвокатпен сотталушының арасындағы мүдделер қақтығысын құқықтық реттеу бойынша отандық заңды жетілдіру мақсатында келесідей ұсыныстар келтіруге болады. Егер қылмыс жасауға байланысты құпия мәліметтерді сотталушының рұқсатынсыз жария ету оның ақталуына, жауапкершілігінің жеңілдетілуіне әкеп соғатын болса, онда ол жария етілуіне тиіс және мұндай жағдайда адвокаттық этика сақталады, осыған байланысты сотталушының қорғаушыдан бас тартуы қанағаттандырылмауы тиіс.

Егер айыпталушы әділ шешім шығаруға ықпал ететін мәліметтерді қорғаушыға хабарламаса, бірақ қорғаушыға бұл мәліметтер іс бойынша материалдарды жинау кезінде белгілі болса, онда мұндай мәліметтер жария етілуі тиіс. Сотталушының ҚР ҚПК-нің 423 және 488-баптарында көрсетілген қорғаушы берген апелляциялық және кассациялық шағымдарды қайтарып алу құқығы да сол негізде өзгертілуі тиіс. Яғни «қорғаушының апелляциялық және кассациялық өтінішхаттарын сотталушының кері қайтарып алуға құқығы жоқ» деп белгіленуі керек.

Қылмыстық процессуалдық заңда «соттың заңды шешім шығаруына кедергі келтіретін мәліметтер құпия болып танылмайды» деген ереже көрсетілуі керек. Бұл қорғаушының позициясына да, адвокаттық этикаға да сай келеді.

Күдіктінің, сотталушының алдағы уақыттарда жасалуы мүмкін қылмыстар туралы қорғаушысына айтуы мүмкіндігіне байланысты Қылмыстық процесстік кодексте қорғаушының өз қорғауындағы адамнан бас тарту себептері көрсетілуі керек.

Қорғаушымен айыпталушының арасында мүдделер қайшылығы туындағанмен, қорғаушы өз қызметтерін әрі қарай жалғастырғанда мынандай құқықтық талаптар, қағидалар сақталады:

- ◆ заңдылық;
- ◆ әділсот шешімі;
- ◆ адвокаттың өз процессуалдық бағытын заңды бұзбай сақтауы;
- ◆ адвокаттық этиканың сақталуы;
- ◆ қорғауындағы адамға толық құқықтық көмек көрсету.

Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңдары халықаралық-құқықтық актілер мен озық шетелдік тәжірибелерге негізделі отырып қалыптастырылған. Осы мақалада атап өтілген жекелеген кемшіліктердің кездесетіндігі болмаса, негізінен аталған заңдар халықаралық стандарттарға сәйкес келеді деген қорытынды жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Баймаханов М.Т. Право, сознание, поведение // Избранные труды по теории государства и права. – Алматы: АЮ-ВШП «Әділет», 2003. – С. 138–144.
- 2 Айтхожин К.К. Вопросы развития правовой системы Республики Казахстан в контексте реализации концепции правовой политики. – 2017. URL: <https://www.zakon.kz/4846104-voprosy-razvitiya-pravovojj-sistemy.html> (дата обращения: 25.02.2025)
- 3 Сулейменова Г.Ж. Судебная реформа в Республике Казахстан: обзор основных этапов // Организация по безопасности и сотрудничеству в Европе. Центр в Астане. – Алматы, 2010. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36866416 (дата обращения: 29.05.2025)

4 Мәми Қ. Қазақстандағы сот реформасының даму кезеңдері. – Астана: Астана полиграфия, 2003. – 264 б.

5 Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – 256 с.

6 Правовая реформа. URL: https://ru.qaz.wiki/wiki/Law_reform (дата обращения: 23.04.2025)

7 Оганесян С.М. Понятие международных стандартов прав человека // Международное публичное и частное право. – 2008. – № 2. – С. 56–60.

8 Бутылин В.Н., Гончаров И.В., Барбин В.В. Обеспечение прав и свобод человека и гражданина в деятельности органов внутренних дел. – М.: Академия управления МВД России, 2007. – 240 с.

9 Рекомендация № R(2000)21 Комитета министров Совета Европы «О свободе осуществления профессии адвоката»: принята 25 окт. 2000 г. // Гарант. URL: <https://base.garant.ru/71493608/> (дата обращения: 19.12.2025)

10 Стандарты независимости юридической профессии: приняты на конференции Международной ассоциации юристов (Нью-Йорк, сент. 1990 г.). // Zakon.kz: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1045113 (дата обращения: 19.12.2025)

11 Model Rules of Professional Conduct – Примерные правила профессионального поведения / American Bar Association. 1983. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=21208791> (дата обращения: 19.12.2025)

12 Адвокаттардың кәсіби әдеп кодексі: бекітілген 2014 жылғы 26 қыркүйектегі Адвокаттар алқасы делегаттарының екінші республикалық конференциясында. URL: <https://www.agka.kz/cms/wp-content/uploads/2014/12/CodexProfEtiki-KAZ.pdf> (өтініш берілген күн: 20.12.2025)

13 Erickson W.H. The Perjurious Defendant: A Proposed Solution to the Defense Lawyer's Conflicting Ethical Obligations to the Court and to His Client // Denver Law Journal. 1981. Vol. 59. Iss. 1. P. 75–78.

14 Гафуров А.Б. Международные стандарты адвокатской деятельности. – М., 2014. – 240 с.

15 Relationship between Defense Lawyer and Defendant // Defense Wiki. URL: https://defensewiki.ibj.org/index.php/Relationship_between_Defense_Lawyer_and_Defendant (accessed: 23.08.2024)

REFERENCES

1 Bajmahanov M.T. (2003) Pravo, soznanie, povedenie // Izbrannye trudy po teorii gosudarstva i prava. Almaty: AJu-VShP «Әdilet». P. 138–144. (In Russian)

2 Ajthozhin K.K. (2017) Voprosy razvitija pravovoj sistemy Respubliki Kazahstan v kontekste realizacii koncepcii pravovoj politiki. URL: <https://www.zakon.kz/4846104-voprosy-razvitija-pravovojj-sistemy.html> (data obrashhenija: 25.02.2025) (In Russian)

3 Sulejmenova G.Zh. (2010) Sudebnaja reforma v Respublike Kazahstan: obzor osnovnyh jetapov // Organizacija po bezopasnosti i sotrudnichestvu v Evrope. Centr v Astane. Almaty. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36866416 (data obrashhenija: 29.05.2025) (In Russian)

4 Mämi Q. (2003) Qazaqstandaғы sot reformasynyñ damu kezeñderi. Astana: Astana poligrafia. 264 p. (In Kazakh)

5 Dzhekebaev U.S. (2001) Osnovnye principy ugolovnoгo prava Respubliki Kazahstan. – Almaty: Zheti Zharry. 256 p. (In Russian)

6 Pravovaja reforma. URL: https://ru.qaz.wiki/wiki/Law_reform (data obrashhenija: 23.04.2025) (In Russian)

7 Oганесян S.M. (2008) Ponjatie mezhdunarodnyh standartov prav cheloveka // Mezhdunarodnoe publichnoe i chastnoe pravo. No. 2. P. 56–60. (In Russian)

8 Butylin V.N., Goncharov I.V., Barbin V.V. (2007) Obespechenie prav i svobod cheloveka i grazhdanina v dejatel'nosti organov vnutrennih del. M.: Akademija upravlenija MVD Rossii. 240 p. (In Russian)

9 Rekomendacija № R(2000)21 Komiteta ministrov Soveta Evropy «O svobode osushhestvlenija professii advokata»: prinjata 25 okt. 2000 g. // Garant. URL: <https://base.garant.ru/71493608/> (data obrashhenija: 19.12.2025) (In Russian)

10 Standarty nezavisimosti juridicheskoi professii: prinjaty na konferencii Mezhdunarodnoj associacii juristov (N'ju-Jork, sent. 1990 g.). // Zakon.kz: URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1045113 (data obrashhenija: 19.12.2025) (In Russian)

11 Model Rules of Professional Conduct – Primernye pravila professional'nogo povedenija / American Bar Association. 1983. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=21208791> (data obrashhenija: 19.12.2025) (In English)

12 Advokattardıń kásıbi ádep kodeksi: bekıtilgen 2014 jylǵy 26 qyrkúiekteǵı Advokattar alqasy delegattarynyń ekinshi respublikalyq konferensiasynda. URL: <https://www.agka.kz/cms/wp-content/uploads/2014/12/CodexProfEtiki-KAZ.pdf> (ótimis berilgen kún: 20.12.2025) (In Kazakh)

13 Erickson W.H. (1981) The Perjurious Defendant: A Proposed Solution to the Defense Lawyer's Conflicting Ethical Obligations to the Court and to His Client // Denver Law Journal. Vol. 59. Iss. 1. P. 75–78. (In English)

14 Gafurov A.B. (2014) Mezhdunarodnye standarty advokatskoj dejatel'nosti. M., 240 p. (In Russian)

15 Relationship between Defense Lawyer and Defendant // Defense Wiki. URL: https://defensewiki.ibj.org/index.php/Relationship_between_Defense_Lawyer_and_Defendant (accessed: 23.08.2024) (In English)

АПЕНОВ С.М.,¹

к.ю.н., доцент.

e-mail: apienov68@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-1132-5022

НЫСАНБЕКОВА Л.Б.,*¹

PhD, и.о. доцента.

*e-mail: lazzat_nb9@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1547-6816

ЖАЙЛАУ Ж.,²

к.ю.н., доцент.

e-mail: zhan1831@bk.ru

ORCID ID: 0000-0001-5326-6302

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

²Алматинский гуманитарно-экономический университет, г. Алматы, Казахстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ УГОЛОВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И НАПРАВЛЕНИЯ ЕГО СООТВЕТСТВИЯ МЕЖДУНАРОДНЫМ СТАНДАРТАМ

Аннотация

В статье всесторонне исследуются теоретические основы реформирования уголовного законодательства Республики Казахстан и его соответствие международно-правовым стандартам. Авторы обосновывают предпосылки правовых реформ, включая изменение социально-политической ситуации, обновление общественных отношений, необходимость внедрения достижений юридической науки, адаптацию к международным соглашениям и применение передового зарубежного опыта. Также разграничиваются понятия совершенствования законодательства и его кардинальной реформы, анализируется эффективность внесенных изменений. Авторы оценивают уровень соответствия казахстанского уголовного законодательства международным стандартам, раскрывая значение проведенных реформ для правоприменительной практики. В исследовании применяются историко-правовой, сравнительно-правовой и системный методы. Особое внимание уделяется институциональным и содержательным изменениям в уголовной правовой системе Казахстана, а также предлагаются эффективные пути гармонизации национального права с международными обязательствами.

Ключевые слова: предпосылки реформ, уголовное право, наказание, совершенствование права, зарубежное законодательство, международно-правовые стандарты.

APIENOV S.M.,¹

c.l.s., associated professor.

e-mail: apienov68@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-1132-5022

NYSSANBEKOVA L.B.,*¹

PhD, associated professor.

*e-mail: lazzat_nb9@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1547-6816

ZHAILAU Zh.,²

c.l.s., associate professor.

e-mail: zhan1831@bk.ru

ORCID ID: 0000-0001-5326-6302

¹Al-Farabi Kazakh National University,

Almaty, Kazakhstan

²Almaty Humanitarian-Economic University,

Almaty, Kazakhstan

THEORETICAL FOUNDATIONS FOR IMPROVING THE CRIMINAL LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND ITS ALIGNMENT WITH INTERNATIONAL STANDARDS

Abstract

This article provides a comprehensive analysis of the theoretical foundations of criminal law reform in the Republic of Kazakhstan and its alignment with international legal standards. The authors identify key prerequisites for reform, including changes in the socio-political context, the emergence of new social relations, the need to integrate legal science achievements, the adaptation of international conventions, and the incorporation of advanced foreign legal practices. A distinction is made between legal improvement and full-scale reform, and the effectiveness of legislative changes is critically assessed. The paper evaluates the degree to which Kazakhstan's criminal law complies with international norms and explores the reforms' practical implications for legal policy and enforcement. Historical, comparative, and systemic research methods are employed. Special attention is given to institutional and substantive transformations within Kazakhstan's criminal justice system, with recommendations for harmonizing domestic legislation with international legal standards.

Keywords: prerequisites for reforms, criminal law, punishment, improvement of law, foreign legislation, international legal standards.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 12.07.2025